



Білім ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметкерлеріне мамандық бойынша жұмыс стажын есептеу ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 14 маусымдағы N 302 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 19 шілдеде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6340 болып енгізілді.

Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз.

"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 4-тармағы 3) тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 02.07.2019 № 289 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Білім ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметкерлеріне мамандық бойынша жұмыс стажын есептеу ережесі бекітілсін.

2. "Білім және ғылым ұйымдарының мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне мамандық бойынша жұмыс стажын белгілеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 21 ақпандағы № 105 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2002 жылғы 22 ақпанда № 1760 тіркелген) күші жойылған деп танылсын.

3. Қаржы департаменті (Т.А. Нұрғожаева):

1) осы бұйрықты белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын;

2) мемлекеттік тіркеуден өткен соң осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр М.Н. Сарыбековке жүктелсін.

5. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ж. Түймебаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрінің міндетін атқарушы

_____ Т.Б. Дүйсенова

2010 жылғы 16 маусым

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2010 жылғы 14 маусымдағы
№ 302 бұйрығымен бекітілген

Білім ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметкерлеріне мамандық бойынша жұмыс стажын есептеу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Білім ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметкерлеріне мамандық бойынша жұмыс стажын есептеу ережесі (бұдан әрі – Ереже) ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан білім ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың педагогикалық қызметкерлерінің және оларға теңестірілген адамдардың, ғылыми-педагогикалық, ғылыми қызметкерлерінің және мемлекеттік қызметші емес қызметкерлерінің жұмыс стажын анықтау кезінде қолданылады.

Осы Ережеге сәйкес есептелетін мамандықтар бойынша жұмыс стажы жұмысқа қабылдау кезінде немесе басқа жұмысқа ауыстыру кезінде күнтізбелік санау бойынша есептеледі.

Білім беру ұйымдарында жұмыс стажына байланысты лауазымдық айлықақыны есептеу кезінде лауазымдық айлықақының мөлшері қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес белгіленеді.

Қызметкердің мамандық бойынша жұмыс стажын анықтау үшін еңбек қызметін растайтын құжаттар:

- 1) еңбек кітапшасы;
- 2) тоқтату күні мен оны тоқтатудың негізі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты;
- 3) еңбек шартының жасалуы және тоқтатылуы негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді көшірмелер;
- 4) қызметкерлерге жалақы төлеу ведомосынан үзінді көшірмелер;

5) жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен расталған не нотариат растаған қызмет ету тізімі (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);

б) қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған мұрағаттық анықтама болып табылады.

Мамандық бойынша жұмыс стажын есептеу үшін білім беру ұйымында еңбек стажын белгілеу жөніндегі комиссия құрылады, оның құрамын тиісті ұйымның басшысы бекітеді.

2. Педагогикалық қызметкерлерге және оларға теңестірілген адамдарға стаж есептеу

2. Педагогикалық жұмыс стажына осы Ережеге Қосымшада көрсетілген ұйымдардағы педагогикалық жұмыс есептеледі.

3. Педагогикалық қызметкерлердің және оларға теңестірілген адамдардың педагогикалық жұмыс стажына, егер жеке алғанда да, тұтастай алғанда да, белгілі бір уақыт кезеңінің алдында және одан кейін негізгі жұмыс орны бойынша тікелей педагогикалық қызметпен жалғасқан болса, мынадай уақыт кезеңдері есептеледі:

1) 1999 жылғы 15 қыркүйекке дейінгі педагогикалық қоғамдар мен балалар қоры басқармаларындағы нұсқаушылық және әдістемелік лауазымындағы, Мұғалім үйі (білім беру, кәсіптік білім беру қызметкерінің) директоры (меңгерушісі) лауазымындағы, фильмотека меңгерушісі және фильмотекадағы әдістемеші лауазымындағы, өрт сөндіру ерікті қоғамының өрт сөндіруші жасөспірімдер ерікті дружиналарының аға нұсқаушысы және нұсқаушысы лауазымындағы жұмыс уақыты, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссиялардағы немесе кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-құқықтық қорғау бөлімдеріндегі, Ішкі істер министрлігі органдары кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекцияларындағы (милицияның балалар бөлімдеріндегі) жұмыс уақыты;

2) қызметтен теріс себептермен босатылған адамдарды қоспағанда, офицерлер құрамының, прапорщиктердің, мичмандардың, мерзімнен тыс қызмет ететін әскери қызметшілердің Қарулы Күштердегі, ішкі, шекаралық әскерлердегі, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының басқару органдары мен азаматтық қорғаныс бөлімдеріндегі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдары жүйесіндегі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметіндегі және Қазақстан Республикасының Республикалық ұланындағы мерзімдік әскери қызметін өтеу уақыты; Ішкі істер министрлігі әскерлеріндегі, Қарулы күштер және Әскери Теңіз флоты бөлімшелерінің, бөлімдерінің,

мекемелерінің, әскери-оқу орындарының, саяси бөлімдерінің (басқармаларының), сондай-ақ мәдени-ағарту мекемелерінің саяси құрамдағы барлық лауазымдарындағы жұмыс уақыты, Офицерлер үйі мен Әскери-теңіз флотының жалпы білім беретін дайындықтарының нұсқаушысы лауазымындағы жұмыс уақыты;

3) бала көтеруіне және босануына байланысты демалыс уақыты, сондай-ақ еңбек заңнамасына сәйкес бала күту үшін берілген ақысыз қосымша демалыс уақыты;

4) егер оқуға дейін білім беру ұйымында қызмет істеген болса және оқудан кейін білім беру ұйымына қайта оралған болса, өндірістен қол үзіп оқитын жолдама бойынша кадрлар даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарындағы оқу уақыты;

5) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (колледждер), жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында (өндірістен қол үзіп) оқу уақыты;

6) 1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін білім беру жүйесінің газет және журналдары редакторлары лауазымындағы жұмыс уақыты;

7) осы қызметке сайланар алдында тікелей педагогикалық жұмыспен айналысқан жағдайда атқарушы органдар басшыларының және олардың орынбасарларының, сондай-ақ барлық деңгейдегі депутаттар лауазымдық қызметтеріндегі жұмыс уақыты педагогикалық жұмыс стажына есептеледі.

Егер қызметкер осы Ереженің қосымшасында көрсетілген жұмыстан (қызмет атқарудан) кейін ағымдағы оқу жылында білім ұйымындағы тікелей педагогикалық жұмысқа ауыса алмаса, оның педагогикалық жұмыс стажына педагогикалық жұмысқа келесі оқу жылының басында қабылданғандағы көрсетілген кезеңдер қосылады.

4. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің педагогикалық жұмыс стажына:

1) бастауыш әскери дайындық оқытушыларына - Қарулы Күштердегі, оның ішінде Ішкі істер министрлігі әскерлеріндегі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскерлері мен органдарындағы офицер, сержант, старшина құрамы лауазымдарының, прапорщиктер мен мичмандардың қызмет уақыты;

2) білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен оқытушыларына - сабақ беретін пәнінің саласы білім беру ұйымдарының оқу пәніне сәйкес келген жағдайда Қарулы Күштердің әскери бөлімдеріндегі, құрамаларындағы, кіші мамандар даярлайтын мектептердегі және старшиналар, сержанттар және кіші мамандар даярлайтын басқа мектептердегі қызмет уақыты;

3) білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен оқытушыларына - Қарулы Күштерде нақты мерзімдік әскери қызметтен өту уақыты;

4) педагогикалық білімі бар және осы жұмысқа сынып жиынтықтардың уақытша қысқаруына байланысты жіберілген мектеп кітапханашысы ретіндегі мұғалімдердің (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін) жұмыс уақыты;

5) өнер мектебі оқытушыларының, музыкалық және көркемөнер орта мектептері мен мектеп-интернаттарындағы арнайы пәндер оқытушыларының, колледждердегі музыкалық пәндер оқытушыларының, музыка және ән мұғалімдерінің, музыкалық жетекшілердің, қосымша білім беру педагогтарының - сабақ беретін пәнінің саласына (білім беру ұйымдарындағы жұмыс саласына) сәйкес келетін мамандықтар бойынша кәсіпорындардағы, мекемелер мен ұйымдардағы жұмыс және Қарулы Күштерде қызмет уақыты;

6) мәдениет және өнер оқу орындарының өзге де педагогикалық қызметкерлеріне, педагогикалық, музыкалық-педагогикалық, көркем-графикалық колледждердің (бөлімдердің), педагогикалық колледждердің музыкалық және көркемөнер бөлімдерінің арнайы пәндер оқытушыларына және басқа да педагог қызметкерлеріне - концертмейстер (режиссер, дирижер, хормейстер, балетмейстер, әртіс, суретші) ретіндегі 1999 жылғы 15 қыркүйекке дейінгі жұмыс уақыты;

7) директордың өндірістік оқыту жөніндегі орынбасарларына - жоғары немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (колледждер) оқу орнын (оның ішінде әскери) аяқтаған соң кәсіпорындардағы, мекемелердегі және ұйымдардағы мамандықтар бойынша жұмыс уақыты;

8) өндірістік оқу негіздері, еңбек және сызу, көркемсурет өнері, информатика және есептеу техникасының негіздері, оқу пәндерін теориялық, практикалық жағынан тереңдетіп оқытатын мектептердің (сыныптардың) мұғалімдеріне (оқытушыларға, қосымша білім беру педагогтарына, шеберлерге), эксперименттік мекемелердің, мектептен тыс ұйымдардың педагог қызметкерлеріне - беретін пәндерінің саласына сәйкес келетін мамандықтар бойынша жұмыс уақыты;

9) арнайы пәндер оқытушыларына, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (колледждер) білім ұйымдарының оқу-әдістемелік кабинеттерінің әдіскерлері мен аға әдіскерлеріне және информатика және есептеу техникасының негіздері пәнінің оқытушыларына - жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін жоғары оқу орнында алған мамандығы бойынша кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда (оның ішінде әскери) кемінде 5 жыл еңбек еткен жұмыс уақыты, сондай-ақ жоғары оқу орнында алған мамандығы

бойынша Қарулы Күштер қатарындағы қызмет уақыты (оны жалғастыруына карамастан);

10) мектептен тыс ұйымдардың, әдістемелік кабинеттердің, мұғалімдердің білімін жетілдіру институттарының әдіскерлеріне, қосымша білім беру педагогтарына, мәдениет ұйымдастырушыларына, экскурсоводтарға - ұйымдардағы жұмыс уақыты және білім беру ұйымдарындағы жұмыс саласына сәйкес келетін мамандықтар бойынша Қарулы Күштер қатарындағы қызмет уақыты;

11) тәрбиешілерге (аға тәрбиешілерге), мектепке дейінгі ұйымдардың, бөбектер үйінің меңгерушілеріне (бөбекжайлардың және бөбекжай-бақшалардың, бөбектер үйлерінің медициналық бике ретіндегі 1999 жылғы 15 қыркүйекке дейінгі жұмыс уақыты);

12) білім беру ұйымдарының, көрсетілген лауазымдарды қоспағанда концертмейстер және сүйемелдеуші мамандықтары бойынша жұмыс стажына техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (колледждер), жоғары оқу орындарында арнайы пәндердің оқытушылары, тиісті жанрдың дирижерлары және әртістері, хормейстерлері, көркемдік жетекшілері, режиссерлері, музыка мектебінің оқытушылары, сондай-ақ жалпы білім беру мектептеріндегі ән және музыка мұғалімдері, музыкалық жетекші ретіндегі жұмыс уақыты;

13) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған интернат ұйымдарының тәрбиешілеріне - мектепке дейінгі балалар ұйымдарында тәрбиеші ретіндегі жұмыс уақыты, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептерде мұғалім, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, ұйымдастырушы педагог ретіндегі жұмыс уақыты есептеледі.

5. Егер ол Қазақстан Республикасының аумағында педагогикалық стажға шектеусіз есептелетін болса, республикадан тыс жерлерде (оның ішінде шарт бойынша) Қосымшада көзделген тиісті ұйымдарда және лауазымдарда педагогикалық жұмыстағы немесе білімнің тиісті деңгейі бойынша оқытуды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарындағы жұмыс уақыты педагогикалық жұмыс стажына шектеусіз есептеледі.

6. Кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдар қызметкерлерінің білім беру ұйымдарындағы сағаттық төлем шарты бойынша орындалатын педагогикалық жұмысы, егер оның көлемі оқу жылында 180 сағаттан кем болмаса, педагогикалық стажға қосылады. Педагогикалық жүктеме аз көлемде орындалған жағдайда жұмыс уақыты нақты орындалған жұмыс уақытына тепе-теңдікте есептеледі.

7. Барлық үлгідегі және атаулы білім беру ұйымдарының басшыларына, директорларына, меңгерушілеріне, бастықтарына, олардың орынбасарларына (көмекшілеріне) (шаруашылық жұмыс жөніндегі қызметкерлер санатынан басқа) педагогикалық (және оған теңестірілген) лауазымдағы жұмыс уақыты педагогикалық жұмыс стажына есептеледі.

3. Ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің стажын есептеу

8. Ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің ғылыми-педагогикалық жұмыс стажына, егер жеке алғанда да, тұтастай алғанда да, белгілі бір уақыт кезеңінің алдында және одан кейін негізгі жұмыс орны бойынша тікелей ғылыми-педагогикалық қызметпен жалғасқан болса, мынадай уақыт кезеңдері есептеледі:

1) қызметтен теріс себептермен босатылған адамдарды қоспағанда, офицерлер құрамының, прапорщиктердің, мичмандардың, мерзімнен тыс қызмет ететін әскери қызметшілердің Қарулы Күштердегі, ішкі, шекаралық әскерлердегі, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының басқару органдары мен азаматтық қорғаныс бөлімдеріндегі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдары жүйесіндегі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметіндегі және Қазақстан Республикасының Республикалық ұланындағы мерзімдік әскери қызметін өтеу уақыты; Ішкі істер министрлігі әскерлеріндегі, Қарулы күштер және Әскери Теңіз флоты бөлімшелерінің, бөлімдерінің, мекемелерінің, әскери-оқу орындарының, саяси бөлімдерінің (басқармаларының), сондай-ақ мәдени-ағарту мекемелерінің саяси құрамдағы барлық лауазымдарындағы жұмыс уақыты, Офицерлер үйі мен Әскери-теңіз флотының жалпы білім беретін дайындықтарының нұсқаушысы лауазымындағы жұмыс уақыты;

2) осы қызметке сайланар алдында тікелей педагогикалық жұмыспен айналысқан жағдайда атқарушы органдар басшыларының және олардың орынбасарларының, сондай-ақ барлық деңгейдегі депутаттар лауазымдық қызметтеріндегі жұмыс уақыты;

3) бала көтеруіне және босануына байланысты демалыс уақыты, сондай-ақ еңбек заңнамасына сәйкес бала күту үшін берілген ақысыз қосымша демалыс уақыты;

4) аспирантура және докторантурада, сондай-ақ магистратурада оқу уақыты.

9. Ғылыми-педагогикалық жұмыс стажына:

1) кафедра меңгерушісі, профессор, доцент, аға оқытушы, оқытушы (ассистент), ректор (директор), әкімшілік-шаруашылық мәселелерді бақылайтын

проректорларды қоспағанда проректорлар (директорлардың орынбасарлары), факультет деканы (институт директоры), деканның орынбасары (директордың орынбасары), оқу зертханасының меңгерушісі лауазымдарындағы педагогикалық және басшылық жұмыс уақыты;

2) Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Ғылым академиясындағы, бұрынғы одақтас республикалар мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері ғылым академияларындағы, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Ғылым академиясындағы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясындағы, егер ғылыми қызмет негізгі қызмет болса, мамандандырылған және қоғамдық академиялардағы (бұдан әрі - Академия) президент, вице-президент, Академия төралқасының бас ғалым хатшысы, Академия төралқасының төрағасы, филиал басшысының орынбасары немесе Академия төралқасы төрағасының орынбасары, Академия төралқасының мүшесі, Академия ғылымдар бөлімінің академик-хатшысы, Академия ғылымдар бөлімінің немесе төралқасының ғалым хатшысы, Академия төралқасы бас ғалым хатшысының және филиал басшысының орынбасары, бас ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер, кіші ғылыми қызметкер лауазымдарындағы басшылық жұмыс уақыты;

3) жоғары оқу орындарындағы, олардың жанындағы дайындық бөлімдеріндегі, біліктілік арттыру институттарындағы оқу жылының жүктеме көлемі кемінде 225 сағаттық сағат шарты бойынша ақы төленетін нақты педагогикалық жұмысының уақыты. Ғылыми-педагогикалық жүктеме аз көлемде орындалған жағдайда жұмыс уақыты нақты орындалған жұмыс уақытына тепе-тең мөлшерде есептеледі;

4) ғылыми атағы немесе ғылыми дәрежесі бар директордың, директор орынбасарының лауазымындағы және жоғары оқу орындары үшін тағайындалған еңбекақы төлеу шарты бойынша жұмыс істейтін біліктілікті арттыру институттарының кафедраларындағы педагогикалық жұмыс уақыты;

5) ғылыми атағы немесе дәрежесі бар адамдар үшін орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі оқу орындарының оқытушылары лауазымдарындағы жұмыс уақыты;

6) шет ел жоғары оқу орындарындағы немесе ғылыми-зерттеу ұйымдарындағы (жолдама бойынша) ғылыми-педагогикалық жұмыс уақыты есептеледі.

4. Ғылыми қызметкерлердің стажын есептеу

10. Ғылыми жұмыс стажына ғылыми ұйымдардағы ғылыми жұмыс уақыты есептеледі.

Бұл орайда ғылыми ұйымдардағы ғылыми жұмыс уақыты, егер ғылыми қызметкер кемінде 0,25 мөлшерлемен жұмыс істеген жағдайда есептеледі.

11. Ғылыми қызметкерлердің ғылыми жұмыс стажына, егер жеке алғанда да, тұтастай алғанда да, белгілі бір уақыт кезеңінің алдында және одан кейін негізгі жұмыс орны бойынша тікелей ғылыми қызметпен жалғасқан болса, мынадай уақыт кезеңдері есептеледі:

1) осы қызметке тағайындалар немесе сайланар алдында тікелей ғылыми қызметпен айналысқан жағдайда атқарушы органдар басшыларының және олардың орынбасарларының, сондай-ақ барлық деңгейдегі депутаттар лауазымдық қызметтеріндегі жұмыс уақыты;

2) бала көтеруіне және босануына байланысты демалыс уақыты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес бала күту үшін берілген ақысыз қосымша демалыс уақыты;

3) магистратурада, аспирантурада және докторантурада оқу уақыты.

5. Педагогикалық, ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге жатпайтын қызметкерлерге мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеу

12. Еңбекақы төлеудің тарифтік-біліктілік кестесіне сәйкес мамандық бойынша жұмыс стажына ұйымдарда мамандық бойынша істеген барлық жұмыс уақыты, сондай-ақ мынадай уақыттар кіреді:

1) теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдардан басқа, офицерлер құрамының, прапорщиктердің, мичмандардың, мерзімнен тыс қызмет ететін әскери қызметшілердің Қарулы Күштердегі, ішкі, шекаралық әскерлердегі, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының басқару органдары мен азаматтық қорғаныс бөлімдеріндегі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдары жүйесіндегі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметіндегі және Қазақстан Республикасының Республикалық ұланындағы мерзімдік әскери қызметін өтеу уақыты;

2) теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдардан басқа басшы құрамдағы адамдардың ішкі істер жүйесіндегі қызмет өткерген, прокуратура органдарындағы қызмет, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының сот аппаратында, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетінде жұмыс істеген уақыты;

3) Қазақстан Республикасы мен бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі органдарында, прокуратура органдарында, соттарында, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының мемлекеттік қауіпсіздік және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарында,

бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінде еңбек сіңірген жылдарына үстеме ақы алу құқығын беретін лауазымдарда жұмыс істеген уақыты;

4) Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Мемлекеттік банкі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жүйесінде жұмыс істеген уақыты;

5) бала көтеруіне және босануына байланысты демалыс уақыты, сондай-ақ еңбек заңнамасына сәйкес бала күту үшін берілген ақысыз қосымша демалыс уақыты;

6) оның еңбек қызметі өткен салаға қарамастан осыған ұқсас мамандықтар бойынша лауазымдардағы жұмыс уақыты;

7) барлық деңгейдегі депутаттар лауазымындағы жұмыс уақыты;

8) сол мамандық бойынша мемлекеттік қызметте болған уақыты;

9) 1992 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы мен Қазақстан Республикасының партия, кәсіподақ және комсомол органдарында сайланбалы және жауапты лауазымдардағы жұмыс уақыты.

Білім ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметкерлеріне мамандық бойынша жұмыс стажын есептеу ережесіне қосымша

Ондағы жұмыс уақыты оқу-тәрбие ұйымдарындағы тиісті лауазымдардағы қызметкерлердің мамандық бойынша жұмыс стажына есептелетін оқу орындарының, ұйымдарының және лауазымдарының тізбесі

Оқу орындарының, мекемелердің және ұйымдардың атауы	Лауазымдардың атауы
<p>1. Жалпы білім беретін мектептер, оның ішінде лицейлер (мектеп-лицейлер), гимназиялар (мектеп-гимназиялар), мамандандырылған Тұңғыш Президенттің интеллектуалдық мектептері, шағын комплектілі, кешкі (ауысымды) және сырттай оқыту мектептері, сырттай оқыту бөлімдері, эксперименттік алаңдар, санаторлық мектептер және мектеп-интернаттар, санаторлық-орманды мектептер, барлық үлгідегі және атаулы спорт мектептері, мектеп-балабақшалар, балабақша-мектеп кешендері, оқу-тәрбие, оқу-сауықтыру, оқу-тәрбие орталықтары (кешендері), ұзартылған күн мектептері және ұзартылған күн топтары, үш жылдық шеберлер мектебі, музыканттық тәрбие мектебі, арнаулы коррекциялық ұйымдар (дене бітімінің немесе ақыл-есінің жетілуінде кемістігі бар балалар мен</p>	<p>1. Мұғалімдер, барлық мамандық педагогтары, педагог-психологтар, сурдопедагогтар, элеуметтік педагогтар, педагог-ұйымдастырушылар, дефектолог мұғалімдер, мұғалім-логопедтер, оқытушылар, логопедтер, логопедтік пункттердің меңгерушілері, тәрбиешілер (тәрбиеші-басшылар), тәрбиеші-әдіскерлер, аға тәрбиешілер, аға әдіскерлер (курстардағы әдіскерлер, егер бұл курстар олар үшін негізгі жұмыс орны болып есептелген жағдайда), концертмейстерлер, сүйемелдеушілер, музыкалық жетекшілер (қызметкерлер), қосымша білім беру педагогтері, массовиктер және экскурсоводтар (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін), спорт бойынша аға жаттықтырушы-оқытушылар (жаттықтырушылар, оқытушылар), вожатыйлар, аға вожатыйлар, мәдениет ұйымдастырушылар, еңбек жөніндегі нұсқаушылар, аға шеберлер, өндірістік оқу шеберлері (нұсқаушылары), дыбыс кабинеттерінің нұсқаушылары, дыбыс кабинеттерінің меңгерушілері (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін), денешынықтыру жөніндегі нұсқаушылар, жүзу жөніндегі нұсқаушылар, аға нұсқаушылар-әдіскерлер, нұсқаушы-әдіскерлер (оның ішінде денешынықтыру және спорт, туризм бойынша), басшылар, директорлар, меңгерушілер, бастықтар, олардың орынбасарлары (көмекшілері) (шаруашылық жұмыс жөніндегі қызметкерлер санатынан басқа), оқу, оқу-тәрбие, педагогикалық бөлім меңгерушісі, өндірістік оқыту, шет тілі жөніндегі оқу бөлімінің меңгерушілері, бөлімдердің, зертханалардың, кабинеттердің, шеберханалардың, бөлімшелердің, секциялардың,</p>

<p>жасөспірімдерге арналған мектептер, мектеп-интернаттар, сыныптар, ерекше тәрбиелеу жағдайын қажет ететін балалар мен жасөспірімдерге арналған арнаулы ұйымдар және т.б.) барлық үлгідегі және атаулы мектеп-интернаттар, мектеп жанындағы интернаттар, оқушыларды еңбекке баулу және кәсіптік бағдар беретін мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттар.</p> <p>Музыкалық және көркем-өнер мектептері мен мектеп-интернаттары. Мамандандырылған әскери орта мектептер, мектеп-интернаттар және училищелер. Логопедтік пунктiлер, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар.</p> <p>Оналту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, түзету және инклюзивтік білім кабинеттері. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған интернаттық білім ұйымдары, жасөспірімдер үйлері, балалар деревнясы, балалар қалашықтары, балалар үйлері, кәмелетке толмаған балаларға арналған жетімханалар.</p> <p>Балалардың еңбек және тәрбиелік-еңбек колониялары, балалар қабылдау пунктiлері, кәмелетке толмағандарға арналған қабылдау-бөлу орындары, мектеп-колониялар (атауына қарамастан), ғылыми медициналық-педагогикалық консультациялар, еңбекке тәрбиелеу институттары, шөлкес мінезді адамдарды ерекше жағдайда ұстайтын білім беру ұйымдары.</p> <p>Мектепке дейінгі ұйымдардың барлық түрлері мен атаулары (балабақшалар, бөбекжай-бақшалар, бөбекжайлар, мектепке дейінгі мини орталықтар).</p> <p>Мектептен тыс балалар ұйымдары (номенклатураға сәйкес).</p> <p>Клубтар, мәдениет сарайлары және тұрғын үй-пайдалану ұйымдары жанындағы оқушы бөлмелері.</p> <p>Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары:</p>	<p>секторлардың, филиалдардың, оқу-консультациялық пунктiлердің, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың меңгерушілері (бастықтары), курстардың, оқу-өндірістік, оқу курстық комбинаттардың, циклдардың бастықтары, өндірістік, педагогикалық практика меңгерушілері, тәртіп жөніндегі аға кезекшілер, тәртіп жөніндегі кезекшілер, бастауыш әскери дайындық жөніндегі оқытушы-ұйымдастырушылар, білім беру ұйымдарындағы аудармашы-дактилолог (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейінгі сурдопедагог).</p>
--	--

<p>кәсіптік лицей; колледж; училище; кәсіптік-еңбекпен оқыту орталықтары; еңбекпен түзету мекемелері жанындағы кәсіптік мектеп (лицей); мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған кәсіптік мектеп (лицей); жетім балаларға арналған кәсіптік лицейлер; әскери-техникалық мектеп; өңіраралық кәсіптік білім беретін орталық; жоғары техникалық мектеп; кәсіптік-техникалық оқыту орталығы; фабрика-зауыттық оқыту және тәлімгерлік мектебі, азаматтық авиация мектептері мен оқу-жаттығу бөлімшелері және атауына қарамастан кадрлар даярлау жөніндегі оқу орындары. Біліктілікті арттыру жөніндегі курстарды, оның ішінде сырттан оқытатын курстарды іске асыратын ұйымдар. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру мекемелері: бөбек үйлері, балалар санаторийлері, клиникалар, емханалар, ауруханалар, сондай-ақ ересектер мекемелеріндегі балаларға арналған бөлімшелер, палаталар. Жоғары оқу орындарының филиалын қоспағандағы білім беру ұйымдарының филиалдары. Студиялар, клубтар. Студенттік-зерттеу бюролары. Оқу-консультация пункттері, оқу (оқу-жаттығу) орталықтары, оқу- өндірістік, оқу курстық комбинаттар, оқу-ғылыми-өндірістік кешендер, оқу- сауықтыру, оқу-тәрбие орталықтары. Лагерлер (спорттық-қорғаныс, сауықтыру, мектептік, еңбек және демалыс лагерлері). Білім беру ұйымдарының оқу полигондары. Оқу шаруашылықтары</p>	
<p>2. Жоғары оқу орындары.</p>	<p>2. Профессорлық-оқытушылық құрам, ғылыми қызметкерлер</p>
<p>3. Жоғары, техникалық және кәсіптік</p>	<p>3. Профессорлық-оқытушылық лауазымдардағы жұмыс (қызмет)</p>

әскери оқу орындары	
4. Кадрларды жетілдіру, қайта даярлау, біліктілігін арттыру институттары, барлық атаулы әдістемелік ұйымдар (ведомстволық бағыныстылығына қарамастан)	4. Профессорлық-оқытушылық құрам, оқытушылар, әдіскерлер (ғылыми қызметкерлер), аға әдіскерлер, директорлар, меңгерушілер, олардың орынбасарлары, оқу бөлімінің, секторлардың, кабинеттердің, зертханалардың меңгерушілері.
5. Білім беру органдары және білім беру ұйымдарына басшылық етуді іске асыратын органдар.	5. Басқарушы, инспекторлық (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін), әдіскерлік лауазымдар, сондай-ақ педагогикалық қызметпен байланысты лауазымдар.
6. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, ішкі істер басқармалары (бас басқармалары), Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің еңбекпен түзеу мекемелерінің басқармалары.	6. Аға инспекторлар (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін), жалпы білім беру, оқу-тәрбие, әдістемелік, мектептен тыс жұмыстар, өндірістік оқу, баланы қорғау, мектепке дейінгі тәрбие және оқу жөніндегі инспекторлар.
7. Өндірістік бірлестіктер құрамында ұйымдастырылған мектепке дейінгі балалар ұйымдарының, әлеуметтік мәдени объектілердің және спорттық ғимараттардың басқармалары (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін).	7. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, жастармен жұмыс бөлімдерінің инспекторлары (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін)
8. Техникалық оқыту бөлімдері (бюро), кәсіпорындардың, бірлестіктердің кадр бөлімдері, өндірісте кадрлар даярлаумен және олардың біліктілігін арттырумен айналысатын министрліктердің (ведомстволардың) бөлімшелері.	8. Штаттық оқытушылар, өндірісте жұмысшыларды өндірістік оқыту шеберлері, қызметі кадрлар даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселесі мен байланысты басшылық, инспекторлық, инженерлік (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін), әдіскерлік лауазымдар
9. ДОСААФ және азаматтық авиация оқу орындары және оқу ұйымдары.	9. Басшылық, командалық-ұшу, командалық-нұсқаушылық, инженерлік-нұсқаушылық, нұсқаушылық, инженер-әдіскерлер, инженер-ұшқыш-әдіскерлер (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін) оқытушылық құрам және өндірістік оқыту шеберлері.
10. Мекемелердің, кәсіпорындардың және ұйымдардың жатақханалары, тұрғын үй-пайдалану ұйымдары, жастар тұрғын үй кешендері, балалар кинотеатрлары, жасөспірім көрермен театрлары, қуыршақ театрлары, балалармен және жасөспірімдермен жұмыс жүргізу жөніндегі кәсіпорындар мен ұйымдардың мәдени-ағарту мекемелері	10. Тәрбиешілер, педагог-ұйымдастырушылар, психологтар, оқытушылар, қосымша білім беру педагогтары, нұсқаушылар және нұсқаушы-әдіскерлер, жаттықтырушы-оқытушылар және балалармен және жасөспірімдермен жұмыс жүргізу жөніндегі мамандар, балалар бөлімдерінің, секторларының меңгерушілері
11. Еңбекпен түзеу колониялары, еңбекке тәрбиелеу колониялары, тергеу изоляторлары және түрмелер, емдеу-еңбек және еңбекпен тәрбиелеу профилакторийлері, бұрынғы әскери тұтқындар мен жер аударылғандар лагерлерінің бөлімдері, арнаулы оқу-еңбек мекемелері	11. Педагогикалық білімі бар адамдардың бастықтың саяси-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, саяси-тәрбие жұмысы жөніндегі аға нұсқаушы және нұсқаушы (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін), отряд бастығы, жалпы білім беру жұмысы жөніндегі аға инспектор және инспектор, аға нұсқаушы-әдіскер, кәмелетке толмағандармен жұмыс жүргізу жөніндегі аға нұсқаушы және нұсқаушы (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін), өндірістік-техникалық оқу жөніндегі аға инженер және инженер (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін), өндірістік оқу

	жөніндегі аға шебер және шебер, күзет және тәртіп жөніндегі аға инспектор және инспектор, оқу-техникалық кабинет меңгерушісі, психолог, аудармашы лауазымындағы жұмысы (қызметі)
--	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК